

ӘОЖ 258.48

«BALAPAN» ТЕЛЕАРНАСЫНЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ФУНКЦИЯСЫ

Егізова Айдын Дүйсенбайқызы

aidyn.yegizova@rtrk.kz

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Журналистика және саясаттану факультетінің ІІ курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор М.Б.Шиндалиева

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі №183 қаулысымен бекітілген Ақпарат саласын дамытудың 2020-2022 жылдарға арналған ұлттық жоспарында бәсекеге қабілеттілікті арттыру, өндірілетін контентті жақсарту үшін мемлекеттік телеарналар үшін ғылыми білім беру және мәдени-ағартушылық бағытындағы тауашаларды құру ұсынылды [1]. Бұқаралық ақпарат құралдарының ағартушылық қырына отандық ғалымдар да баса мән береді.

Еліміздегі тұңғыш балаларға арналған «Balapan» телеарнасы осы бағытта бірқатар міндеттерді жүзеге асырып келеді.

2020 жыл тек телевизия саласына ғана емес, жалпы адамзат өміріне әсер еткен зор өзгерістермен есте қалды. Өткен жылдың сәуір айынан бастап, елдегі төтенше жағдайға байланысты «Balapan» арнасы мемлекеттік тілде білім алатын оқушылар үшін жалғыз телемектепке айналды. 2019-2020 оқу жылының IV тоқсанынан бастап тәуліктік эфир уақытының 8 сағаты, 2020-2021 оқу жылынан бастап 9 сағаты телесабақтарға бөлініп келеді. Онлайн сабақтар оқушыларға арнаның You Tube желісіндегі арнасында да қолжетімді.

Пандемия әлемнің өмір сүру дағдысын қалай өзгерткені, қандай жаңашылдықтар мен қиындықтар әкелгені әлі біршама жыл зерттеуді қажет ететін ғылыми тақырыпқа айналары сөзсіз. Адамзат жіті қимылдап, жылдам шешімдер қабылдайтын, тіпті тәуекелшіл шешім қабылдауға мәжбүр уақытқа аяқ басты. БҰҰ мәліметіне сүйенсек, әлемде 1,5 миллиард бала қашықтан білім алуға көшкен, ал Қазақстандағы қашықтан білім алуға көшкен оқушылардың саны 3 миллионды құрады.

Бұдан бөлек, ағартушылық бағыттағы тағы бір жоба, арнаның 10 жылдығына орай, «Balapan»-ның төл мультфильмдері негізінде «Balapan әлемі» сериясымен «Менің сүйікті кейіпкерім» атты ертегілер жинағы жарық көрді. Оның ішінде «Balapan телеарнасының төл өнімдері «Дала ойындары», «Әли мен Айя», «Айдар», «Ертемір», «Күлкі іздеген Күнекей», «Алан мен Қозықа», «Ерден атаның әңгімелері» анимациялық жобалары бар. Ертегілер жинағын шығарудағы басты мақсат - көрермен көзайымына айналған кейіпкерлер мен қаһармандар арқылы балаларды кітап оқуға қызықтыра отырып, кішкентай оқырмандардың көбеюіне ықпал ету. Бала қиялын ғажайып әлемге жетелеп, ой-өрісі мен таным көкжиегінің артуына сеп болатын бұл құнды дүние ата-аналар мен ұстаздар, мектепке дейінгі мекеме тәрбиешілері үшін де көмекші құрал бола алады. Телеарна ұжымы кітапты арнаның белсенді көрермендері мен облыс орталықтарындағы кітапханаларға сыйға тартты.

«Balapan» телеарнасы жас көрермендерді білім мен ғылымға баулуды көздейді. Сондықтан жобалардың басым бөлігі танымдық сипатта болады. Назарбаев зияткерлік мектептерімен және Стэмп мектептерімен бірнеше жоба жүзеге асырылды. Бұл бағдарламалар арқылы балалар робототехника мен конструкциялауды үйренді.

2021 жылдың ақпан айынан бастап «Balapan» телеарнасының жанынан Ерекше оқу қажеттілігі бар балаларға арналған анимация мектебі жұмысын бастады. Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев айтқандай, «Біз ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін бірдей мүмкіндік жасауға міндеттіміз». Бұл - кез келген өркениетті, рухы биік қоғамның ұстанымы.

Жоба мақсаты: ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларға болашақта мамандығына айналатын кәсіпті үйрету арқылы жаңа мүмкіндік сыйлау, баланы жаңа қырынан ашу және дамыту, ерекше балаларды әлеуметтік бейімдеуге жәрдемдесу және олардың бос уақытын тиімді өткізуді ұйымдастыру. Сонымен қатар анимация мектебі түлектерін болашақта жұмыспен қамту мүмкіндігін қарастыру.

Ерекше білім беру қажеттілігі бұл - оқу-дамыту барысындағы сапалы білім алуға тиісті көмекке және қызметке қажеттілік. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысында «Балалардың, оның ішінде өмірде қиын жағдайға тап болған балалардың құқықтарының бұзылуына уақтылы ден қоюдың жеткілікті дамымаған жүйесі, білім беру ұйымдарының едәуір бөлігінде инклюзивті білім беру және қарапайым ыңғайлылық үшін жағдайлардың болмауы балалардың қауіпсіз және жайлы өмір сүруіне қауіп төндіреді», - делінген [2]. Орталық Азияда тұңғыш рет жүзеге асырылып отырған «Balapan» телеарнасының бұл әлеуметтік жобасы еліміздің білім берудің мемлекеттік бағдарламасындағы міндеттерді жүзеге асыруға ықпал етеді.

Ерекше оқу қажеттілігі бар балаларға арналған анимация мектебінің қатысушылары алғашқы айда «Анимация негіздері» тақырыбындағы жалпы дәріске қатысып, анимация

саласымен танысады. Әрі қарай қызығушылығы мен бейіміне, мүмкіндігіне қарай бірнеше топқа бөліп оқытылады:

1-топ - 2D animation тобы;

2-топ - 3D animation тобы;

3-топ - Stop Motion тобы;

4-топ - Cut-out animation (қағаздан қиылған анимация) тобы;

5-топ- Ермексаздан анимация жасау тобы.

Онлайн форматта жұмыс істейтін әлеуметтік мектептің оқу жоспарына сәйкес, сабақтар 2021 жылғы 12 наурызда басталып, алты ай жалғасады. Жобаға қазақстандық үздік мультипликаторлармен қоса, Оңтүстік Кореяның «Korean Manhwa Contents Agency» компаниясының және Жапонияның «Anime Manga Pioneer School» компаниясының мамандары атсалысады. Ерекше білім алу қажеттіліктері бар балаларды анимацияға баулу бұл елде 10 жыл бұрын қолға алынған. Оңтүстік Кореяның Мультипликациялық фильмдерді насихаттау агенттігі өкілдерінің айтуынша, бүгінде Кореяда осындай 11 әлеуметтік орталық жұмыс істейді [3].

Бұл жобаның ұтымды тұстарын атап өтсек, біріншіден, анимация саласы елімізде жақсы қарқынмен дамып келеді. Сондықтан анимация мамандары отандық және халықаралық нарықта қашан да сұранысқа ие болары сөзсіз. Екіншіден, бұл денсаулығына байланысты бір орында отырып жұмыс істеуге мәжбүр азаматтар үшін өте пайдалы болмақ. Үшіншіден, жоба жас таланттардың жұлдызын жағатын, олардың арманға жету жолындағы алғашқы баспалдағы болады.

Ерекше балаларды, дәлірек айтқанда, мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамға бейімдеу, қоғамды соған дайындау жолындағы тағы бір жоба – «Дос болайық!» деп аталды. Бағдарлама жүргізушісі – Аружан Саин. Зерттеулер бойынша, теледидар әлеуметтік-эмоциялық дағдыларды тиімді түрде тарата алатын құрал. «Дос болайық!» жобасы қоғамның кішкентай мүшелерінің ерекше адамдарға деген оң көзқарасын қалыптастыруды, оларды шеттетпейтін ізгі орта қалыптастыруды көздеді. Қазақстандағы тұңғыш балалар арнасы – «Balapan»-ның ағартушылық бағыттағы жобалары болашақта да жалғасын табады.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Ақпарат саласын дамытудың 2020-2022 жылдарға арналған ұлттық жоспары.
2. ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. www.balapan.tv